

**КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ӘЛ-АУҚАТЫН ТАЛДАУ****Болатбек Ризанур**rizanur.bolatbek.rb@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің әлеуметтік жұмыс мамандығының 4 – курс студенті, Нұр – Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Исахова Г.Д.

Отбасы - мемлекеттің даму ошағы. ЮНИСЕФ зерттеулері бойынша, елдегі кедей отбасылардың 90% - ы көп балалы отбасылар. Басқаша айтқанда, статистика кедейлік аймағында болу ықтималдығы көп балалы отбасылар арасында жоғары екенін көрсетеді. Тиісінше, мұндай отбасылар арасында балалардың кедейлік қаупі жоғары. Қоғамкөп балалы отбасыларды әлеуметтік осал топқа жатқызады. Әр баланың өмірге келуі отбасы жағдайын елеулі түрде төмендеті бастайды. Үй шаруашылығында бестен астам адам өмір сүрсе, бір адамның еңбек етуі материалдық деңгейдің төмендеуі мен қатар отбасының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат деңгейінің әлсіреуіне әкеледі.

Адам капиталы теориясының негізін салушылардың бірі Г.Беккер адам капиталының құны мен үй шаруашылығының әл-ауқаты арасында тікелей байланыстың бар екенін дәлелдей келе, оның ең маңызды көрсеткіші табыс деңгейі деп пайымдайды. Қазіргі экономикалық ғылымда адами капиталды зерттеу үй шаруашылығы ұғымымен қоса оның кіріс, шығыс және тұтынуының сипаттамалары бар негізгі экономикалық бірлік ретінде жұмыс атқарады.[2] Шетелдік авторлардың зерттеу нәтижелері табысы төмен отбасылардағы балалардың адами капиталын дамыту және қалыптастыру қиындықтармен жүретіндігін және табысы жоғары отбасылармен салыстырғанда төмен қарқынмен сипатталатынын растайды. Осылайша, әлемдік экономикалық әдебиеттегі өзекті тақырып балалардың адами әлеуетін дамытуда отбасының кірісі негізгі мәселе болып табылады. Халықты әлеуметтік қорғаудың қазіргі заманғы отандық жүйесі, ең алдымен, гуманизм мен әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына негізделеді, олар адамның өзін-өзі бағалауын, оның бостандық құқығын, ұлттық, нәсілдік, діни және басқа да жеке немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан лайықты, толыққанды және бақытты өмір сүру қабілеттерін дамытуды бекітеді.

Отбасы мен неке – ең ежелгі адам қауымдастығы, адамдардың қоғамдық өмірінің ең көне нысаны. Отбасы таптардан, ұлттардан және мемлекеттерден әлдеқайда ертерек, жер бетіндегі адамның шығу тарихымен байланысты. Ғасырдан ғасырға адамдардың тікелей өмірінің ұдайы өндірісі, адамзат баласының жалғасуы, жаңа ұрпақтардың әлеуметтенуі, адамдардың өмірге келген кезінен бастап олардың өзекті биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Отбасы әлеуметтануының негізін қалаушы - француз зерттеушісі Фредерик Ле-Пле (1806 – 1882 жж.). Ол алғаш рет отбасын социологиялық талдаудың негізгі орталық объектісіне айналдырды. Отбасы әлеуметтануы әлеуметтану ғылымының өзі сияқты бұрыннан пайда болғанына қарамастан, ол дамуда, үнемі жаңаруда. Отбасы – адамның әлеуметтік қызмет ету жүйесінің бірі, әлеуметтік-экономикалық және ішкі ресурстардың әсерінен өзгертін қоғамның ең маңызды әлеуметтік институты. Отбасының әртүрлі өлшемдері бойынша өзіндік типологиясы бар. Әлеуметтік институт ретінде бірнеше түрге бөлінеді: серіктестік сипаты, ұрпақтар саны, балалар саны және т.б. Әр уақытта көпбалалы отбасылар типологиясы ғалымдардың қызығушылығын арттыратын объект ретінде қарастырылып келеді. Жоғары қызығушылық отбасының нақты құрылымымен, өмірлік белсенділігінің қалыптасу себептерімен анықталады. [1] Ресейлік ғалым Е.И. Холостова көп балалы отбасылардың пайда болуының төрт типін анықтайды:

- отбасында көпбалалы болу жоспарланған. Әдетте, мұндай отбасылар үшін белгілі бір қаржылық қиындықтар мен тұрғын үй проблемаларының болуы тән, бірақ сонымен бірге

ата-аналар балалардың тууы мен тәрбиесіне ынталы және қызығушылық танытады. Олар үшін балалар-басты құндылық;

- ата-аналардың екі немесе одан да көп неке қатынасында пайда болған «жаңа» балалардың негізіндегі отбасы. Көбінесе бұл отбасылардың материалдық жағдайы жақсы, бірақ отбасы мүшелері толық емес сезіміне ие;

- ата-аналары өз функцияларын ішінара немесе толық орындамайтын дисфункционалды отбасылар. Мұндай отбасыларда балалардың аурулары, мінез-құлық ауытқулары жиі байқалады. Ата-аналар ата-ана құқығынан айырылған жағдайда, балаларды қамқоршыларға табыстауда проблемалар туындайды;

- көп бала жоспарланбаған отбасылар (медициналық себептер бойынша жүктілікті тоқтату, егіздердің туылуы; балаларды асырап алу жағдайлары) [3]

Қазақстан Республикасының Неке-отбасы заңнамасында көп балалы отбасыға келесідей анықтама берілген. «Көпбалалы отбасы – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы».[3]Өткен күнге оралатын болсақ, біздің ата- апаларымыз кемінде сегіз-тоғыз баланы өмірге әкелген. Сол бір заманда бала-еңбек күші ретінде аса маңызды рөл атқарған. Ер адамдардың санының күрт төмендетуіне себеп болған алпауыт екінші дүниежүзілік соғыс демографиялық жағдайға зиянын тигізбей қоймады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің басты әлеуметтік-саяси мақсаты халық санын көтеру болатын. Демографиялық мәселелер мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Сол себепті, 1997 жылы Қазақстан Республикасының экс-президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 33 жылға әзірленген «Қазақстан-2030» Стратегиясында: «Мықты демографиялық және көші-қон саясатын дамытудың жетекші басымдықтары ретінде алға қою керек» деп атап көрсеткен болатын. Келесі бір себепке мемлекет саясатындағы өзгерісті, әлемнің нарықтық экономикаға көшуін айтуға болады. Халықтың еңбекке жаппай тартылуы отбасы институтының бірталай дамысына зиянын тигізді. 2021 жылғы 1 мамырдағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елімізде 2 млн-нан астам баласы бар 454,4 мың көп балалы отбасы өмір сүреді. Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері бойынша бес және одан да көп адамнан тұратын аз қамтылғандардың үлесі 89,6% құрайды. Ал үш адамнан тұратын отбасылардағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейі төмен халықтың үлесі небәрі 3,6 пайызды құрайды. Көп балалы отбасылардың негізгі проблемасы-материалдық сипатқа ие. Өр баланың дүниеге келуімен отбасының табыс деңгейі төмендей береді. Алты және одан да көп адамнан тұратын отбасыларда әрбір мүшеге келетін жиынтық табысы екі адамнан тұратын барлық адамдарға қарағанда 2,2-2,8 есе төмен, үш адамнан тұратын отбасына қарағанда 1,8-2,1 есе төмен. Бұл дегеніміз үшінші баланың дүниеге келуі көп жағдайда отбасын кедейлікке әкеледі деп есептеуге болады.Көп балалы отбасы мемлекеттік әлеуметтік саясатты қалыптастыру мен іске асырудың жалпы контекстінде қарастырылуы керек, өйткені оның проблемалары қазіргі Қазақстан қоғамының мәселелерінің бөлігі болып табылады, ал көп балалы отбасылардың жағдайы әлеуметтік проблеманың барлық түрлерін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі. Тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайда мемлекет отбасылардың әлеуметтік - экономикалық әл-ауқатының оңтайлы деңгейін толық сақтай алмайды, олардың өмірінің қажетті сапасын толық қамтамасыз етуі екіталай. Бұл тұрғыда көп балалы отбасылар әсіресе осал болып табылады.Қазақстанда балалы отбасыларды қолдаудың кешенді моделі құрылған, оған мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар және салық салу кезіндегі жеңілдіктер және азаматтар өмірінің барлық кезеңдерінде әлеуметтік қорғаудың басқа да шаралары жүйесі кіреді. Қоғамда көп балалы отбасылардың өмір сүру салты қолайсыз деп қабылданады, ол әртүрлі қиындықтар мен құқық бұзушылықтармен, күйзелістермен, ата-ананың махаббаты мен назарының болмауымен,

эртүрлі материалдық жетіспеушіліктермен (киім-кешек, тамақ рационы, тұрмыстық жағдайлар, білім беру саласы, жұмыспен қамту аймағы) деген көзқарас болса, екінші жағынан, көп балалы болу құрмет пен сүйіспеншілікпен, ынтымақпен, өзара көмек пен ізгі ниетпен байланысты. Позитивті көзқарас негізінен еңбекті құрметтеу, жағымды эмоциялар арқылы көрінеді.

Отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі эртүрлі өмірлік жағдайларды көздейді және оған жүктілігі және босануы бойынша (орташа айлық жалақының 40% – ға жуығы) әлеуметтік төлем, бала тууына (бірінші, екінші, үшінші бала тууына – 110 846 теңге, төртінші және одан да көп бала тууына-183 771 теңге), бір жасқа толғанға дейінгі бала күтімі бойынша (16 802 теңгеден 25 962 теңгеге дейін), мүгедек баланы бағумен айналысатын ата-аналар үшін (48 023 теңге) отбасының табысы ескерусіз төленеді. Бұдан басқа, бір жасқа толғанға дейін бала күтімімен айналысатын әйелдерге орташа айлық табыстың 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау көзделген. Сорос-Қазақстанның зерттеу еңбегінде көп балалы отбасылардың жартысынан көбінде (53%) азық -түлік пен киім алуға мүмкіндік беретін материалдық мүмкіндіктер бар, бірақ ұзақ уақытқа созылатын заттарды (орташа табысы барлар) сатып алу қиындық туғызады. Әрбір бесінші көп балалы отбасыда (21,1%) тек азық – түлікке (аз қамтылғандар) қаражат бар, 3,8% отбасында- тіпті тамақтануға (кедейлер) ақша жетпейді. Жоғары табысты топтар 22,2% құрайды (ауқатты және бай). Орташа алғанда, көп балалы отбасылар көп балалы емес отбасыларға қарағанда аз қамтамасыз етілген. Тұрғын үймен қамтамасыз етілуі бойынша қарастырсақ сауалнамаға қатысқан отбасылардың 70% баспаналы.[4] Мемлекеттік саясат көп балалы отбасыларды қолдауды жылдан жылға жақсы деңгейге жеткізіп келе жатыр. Нұр-Сұлтан қаласының “Жанұя” отбасы институтын қолдау орталығы Сарыарқа ауданы бойынша отбасын әлеуметтік сүйемелдеу бөлімінің 2021 жылғы жұмыстарының қорытындысында 2021 ж қаңтар айы бойынша көмекке 80 отбасы жүгінген. Оның ішінде отбасыға әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстарына келіскен отбасы саны 69.

Қарастырылған сұрақтар ішінде:

- Әлеуметтік қорғау бойынша-42
- Тұрғын үй берілген-30
- Денсаулық сақтау бойынша-12
- Білім бойынша -9
- Психологиялық көмек бойынша-6
- Заңдық тұрғыдан консультация бойынша-10

Сонымен бірге қиын өмірлік жағдайға қалған жанұяларда әлеуметтік қорғау, заңгерлік кеңес беру, тұрғын үй мәселесі көтерілді. Институттың мамандарымен атқарылған жұмыстар келесідей: 7 отбасыдан 11 баланы бала-бақшаға кезекке қойды, жеке меншік бала-бақшаға 3 баланы тұрғызды. Тұрғын үй кезегіне қою бойынша 4 отбасы; медициналық тексерістен өту бойынша 5 отбасы; еңбекақы мәселесі бойынша индивидуалды көмек көрсету бойынша бір адам. Отбасы типологиясы бойынша көмекке жүгінгендердің көпшілігі көп балалы отбасылар, жалғыз басты көп балалы отбасылар, аз қамтылған отбасылар. «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға, отбасы институтының дамуына, өркендеуіне елеулі жұмыс атқаруда. Халықтың бір күнде жағдайы жақсарып кетуі екіталай. Әлеуметтік-экономикалық әл-ауақтың жақсартуға байланысты мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар түрлі жобалар мен бағдарламаларды іске қосуда. Отбасы институтын қалыптастыруда әр жанның қосар еңбегі мен даму күші маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Социология брака и семьи: история, теоретические основы, персона- лии/ С.Н. Бурова; Белорусский государственный университет. – Минск: Право и экономика, 2010. – 444 с.

2. Беккер Гэри Человеческий капитал (главы из книги). Воздействие на заработки инвестиций в человеческий капитал // США: экономика, политика, идеология. – 1993. – № 11-12. – С. 23.

3. Холостова Е.И. Социальная работа: учебное пособие. — 5-е изд. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007. — 668 с.

4. https://kodeksy-kz.com/o_brake_i_seme/1.htm

5. <https://www.soros.kz/ru/>

УДК 364.4

«МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАР ҮШІН ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУДЫҢ ҮЛГІСІ»

Досмағамет Аружан, Досмурзаева Динара Онгаровна

Dosmagamet.aruzhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік жұмыс мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Дүние жүзінде әрбір он адамның бірінде мүгедектік бар және соңғы зерттеулерде мүгедектер саны дамушы елдерде тұратын жалпы кедейлердің шамамен 20 пайызын құрайтынын көрсетеді. Көптеген мүгедектер қауымдастықтарға қатысуға кедергі келтіретін қиындықтарға кезігуін жалғастыруда және жиі виртуалды шеттету жағдайында өмір сүруге тура келеді. Олар жиі стигматизацияға және кемсітуге ұшырайды және әдетте тамақ, білім, жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау және репродуктивті денсаулық сақтау сияқты негізгі адам құқықтарын пайдаланудан шеттетіледі. Көптеген мүгедектер өздерінің қоғамдастықтарында жүріп-тұру және тұру бостандығы құқықтарын тікелей бұза отырып, қарттар үйінде тұруға мәжбүр. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық адамдардың, соның ішінде мүгедектердің құқықтары мен әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету бойынша ұзақ жұмыс тарихы бар. Ұйым «барлығына арналған қоғамды» қалыптастыруға үлес қосу мақсатында олардың қоғамның басқа мүшелерімен тең дәрежеде азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге толық және тиімді қатысуын қамтамасыз ету шараларын қолданады. Ұйымның мүгедектердің барлық адам құқықтарын толық және тең дәрежеде жүзеге асыруын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі қоғам дамуының барлық аспектілері контекстінде әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке қол жеткізуге ұмтылуға негізделген. Мүгедектерге арналған Дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасы және Мүгедектердің мүмкіндіктерін теңестірудің стандартты ережелері Ұйымның осы міндеттемесін халықаралық саяси шеңберде бекітуге мүмкіндік берді, ол Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның қабылдануымен одан әрі нығайтылды. Қазақстанда 705 500 адам тұрады, оның ішінде 93 900 бала мүмкіндігі шектеулі балалар (2020 жылғы 2 желтоқсандағы жағдай бойынша) [1]. Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалар санының (бұдан әрі – МӘМ) өсуі байқалады. Бұзушылықтардың ауырлығына байланысты бұл балалардың шамамен 45%-ы ұйымдаспаған (яғни, олар ешқандай білім беру және басқа мекемелерге бармайды). Осыған орай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған «Қауымдастық деңгейіндегі оңалту» үлгісі бойынша отбасыларға үйде оңалту шараларын жүзеге асыруға көмек көрсету қажет. Қауымдастық деңгейіндегі оңалту – тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін, кедейлік пен мүгедектердің әлеуметтік оқшаулануын төмендететін оңалту бағдарламасы. Қауымдастық деңгейіндегі оңалту, әдетте, мүгедектерге тұрақты, күнделікті білім беруге және күтім жасауға қабілетті ең жақсы «әлеуметтік ресурс» отбасы мүшелері екенін байқауға негізделген. Күнделікті оңалту технологиясы мүгедектің жеке қажеттіліктеріне, оның өмірін қалыпқа келтіруге, отбасының жеке ресурстарын белсендіруге, сондай-ақ тұрғын үй жағдайын мүгедектің қажеттіліктеріне бейімдеуге бағытталған. Қоғамды оңалту – саясат пен тәжірибе арасындағы алшақтықты